

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы займдары бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерін өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 4 ақпандағы N 74

Қазақстан Республикасының шетел несие берушілері алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ республикалық бюджетке Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы займдардың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 4 мамырда берілген N 26-14/110, 1992 жылғы 10 маусымда N 22-3/40 мемлекеттік кепілдіктеріне сәйкес, шетел банкері шоттарының негізінде дәрменсіз заем алушылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді (1-2-қосымшалар), сондай-ақ есептелген айыппұлдардың сомасын "Несиелендіру және шегерілген өтеу" бөлімі бойынша 1998 жылға арналған республикалық бюджетте қарастырылған қаражаттар шегінде төлем күніндегі бағамдық айырманың өзгерісін ескере отырып төлесін;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік

емес сыртқы заемдарды пайдалану бойынша заем алушылардың қызметіне қаржылық тексеру жүргізсін және оларды пайдалануды бұзу фактілері анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес кінәлі адамдарды жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына, соттарға берсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі республикалық бюджеттен алынған қаражаттарды қайтаруды қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды қолдансын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 4 ақпандағы
N 74 Қаулысына

2 қосымша

Шетел несиелерін өтеу бойынша алдағы төлемдердің СОМАСЫ

Қарыз алушы ұйым	Төлем валютасы	Төлем сомасы борыш	Негізгі	Проценттер	Басқалар
---------------------	---------------------	--------------------------	---------	------------	----------

Француз несие желісі

"Тағам" АК	FRE	775384,44	0	775384,44	0
------------	-----	-----------	---	-----------	---

		5 210488,90	5 210488,90	0	0
--	--	-------------	-------------	---	---

Барлығы:	DM	5 985873,34	5 210488,90	775384,44	0
----------	----	-------------	-------------	-----------	---

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 4 ақпандағы
N 74 Қаулысына
1-қосымша

Шетел несиелерін өтеу бойынша мерзімі өткен төлемдердің СОМАСЫ

Қарыз алушы ұйым	Төлем валютасы	Төлем сомасы борыш	Негізгі	Проценттер	Басқалар
---------------------	---------------------	--------------------------	---------	------------	----------

Түрік несие желісі

"Мақсат" АК	USD	755706,03	687458,00	59023,59	9224,44
-------------	-----	-----------	-----------	----------	---------

"Легпром" АК	USD	3931800,77	3333233,30	524103,70	74463,80
--------------	-----	------------	------------	-----------	----------

Барлығы:	USD	4687506,80	4020691,30	583127,29	83688,24
----------	-----	------------	------------	-----------	----------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК